

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БЕКІТІЛДІ

**«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ**





Басқарма шешімімен


«13» 01. 2025 ж.

№ 02 хаттама

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ (ДРЕСС-КОД)
СТАНДАРТЫ ТУРАЛЫ**

ҚАҒИДА

Коды	Басылым	Құрастырған	Келісілді	Қолы	Күні
Қ БҚМУ 04-16	Бірінші	Рпашева Г.Т.	Жиеналин Е.Ш.		10.01.2025
		 <u>08.01.2025 ж.</u>	Кожаметов Б.К.		09.01.2025
			Кубекова Г.У.		08.01.2025

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 08.01.2025	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ қызметкерлерінің сыртқы келбеті (дресс-код) стандарты туралы	Қ БҚМУ 04-16	7 беттің 2 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) қызметкерлерінің сыртқы келбеті (дресс-коды) стандарты туралы» Қағида Университеттегі бірыңғай нормалар және корпоративтік киім нысаны саласындағы іскерлік этикет қағидаларын енгізу мақсатында әзірленген.
- 1.2. Осы «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ барлық құрылымдық бөлімдері қызметкерлерінің сыртқы келбеті (дресс-коды) стандарты туралы» қағида (бұдан әрі – Қағида) Университеттің құрылымдық бөлімдерінің барлық жұмыскерлеріне қолданылады және сақтау үшін міндетті болып табылады.
- 1.3. Бұл Қағида Университеттің кеңседегі киім үлгісіне қатысты ресми ұстанымын білдіреді.
- 1.4. Іскерлік гардероб базалық принциптерге сәйкес болуы тиіс:
 - орындылығы;
 - кәсібилігі. Іскерлік киім әрқашан қызметкердің жұмысқа деген жауапты көзқарасын көрсетуі тиіс;
 - жайлылығы. Өзінің жеке даралығына және дене пішініне сәйкес киіну. «Жайлы» деген сөз «салғырт» немесе «ұқыпсыз» дегенді білдірмейді;
 - стратегиялық. Киім назарды аудартады және жалпы массадан ерекшелету қабілетіне ие. Егер кәсіби команда мүшесі сияқты көрінгіңіз келсе, батыл эксперименттерден аулақ болыңыз. Мақсат – Университеттің дресс-код талаптарына және лауазымға сай болу.
- 1.5. Университеттің қызметкері қызметке қабылданғаннан кейін бір ай ішінде осы Қағидамен мен жазбаша түрде танысуы тиіс.

2. СЫРТҚЫ КӨРІНІС СТАНДАРТТАРЫ

- 2.2 ¹ Сыртқы келбет стандарттары Университеттің барлық қызметкерлері үшін лауазымына, жұмыс өтіліне және басқа да ерекшеліктерге қарамастан бірдей болып табылады.
- 2.3 ² Киім әрқашан ұқыпты, талғаммен таңдалып, қоршаған ортаға сай болуы тиіс, жалпы адамзаттық этика принциптеріне, мәңгілік және заманауи этикалық нормаларға сәйкес келуі қажет.

№	Стандарттардың құрамдас бөліктері	ТАЛАПТАР	ҰСЫНЫЛМАЙДЫ / РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ
1.	Жалпы стандарттар	Қызметкер әрқашан сабырлы және жақсы ниетті болуы тиіс. Сыпайы және дұрыс қарым-қатынас орната алуы тиіс. Қызметкердің сыртқы келбеті жағымды әсер қалдыруы тиіс.	Дөрекілік. Басқа қызметкерлермен сөйлесу барысында сағыз шайнауға болмайды. Бейтаныс адамдардың алдында өзіңізді ретке келтіруге болмайды.
2.	Бейдж	Белгіленген нысандағы бейдж міндетті болып табылады	Бейдждің болмауы. Белгіленген үлгідегі бейджді басқасына ауыстыру.
3.	Киім	Корпоративтік стандарттарға сәйкес келеді. Киім таза, үтіктелген, жайлы және қозғалысты шектемейтін болуы тиіс.	Киімге немқұрайлы қарау.
3.1.	Профессор-оқытушылар құрамына,	Қызметкерлердің киімдері іскерлік стильде болуы керек. Ерлер үшін:	Іскерлік стильге жатпайтын киім (спорттық, кешкі, діни, жағажай, белсенді демалысқа арналған



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті» КеАҚ

Күні:
08.01.2025

Басылым:
бірінші

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
қызметкерлерінің сыртқы келбеті (дресс-код)
стандарты туралы

Қ БҚМУ
04-16

7 беттін
3 беті

және өзге де
қызметкерлерге
арналған киім

➤ Іскерлік костюмдер;
➤ классикалық стильдегі жазғы кезеңге арналған қысқа жеңді жейде;
➤ классикалық стильдегі қысқы кезеңге арналған ұзын жеңді жейде.
➤ классикалық түсті матадан жасалған кеңсе стиліндегі шалбар;
➤ классикалық түсті матадан жасалған қысқы кезеңге арналған пиджак немесе жемпір;
➤ галстук;
➤ үйлесімді таңдалған галстук, трикотаж пуловерлер, кара шұлықтар болуы міндетті.
Ұсынылатын костюм-жеңде үйлесімдері: сұр/көк костюм – көк/ақ/жарық сұр жейде, қоңыр костюм – қоңыр-сарғыш жейде.
Әйелдер үшін:
➤ Таза және үтікелген классикалық фасонды киім.
➤ юбка ұзындығы - тізеден жоғары емес;
➤ шалбардың ұзындығы - аяқ киімнің жоғарғы жағынан жоғары емес;
➤ блузка - бір түсті, пастелді немесе бәсең тондарда.
➤ ұқыпты, тартымды үйлесімдегі шалбар, юбка, блузка, трикотажды жемпірлер немесе кофталар. Ұзын немесе қысқа жеңдері бар тыныш түстегі блузкалар;
➤ іскерлік костюм. Іскерлік костюмге мыналар жатады: жакет, юбка, көйлек немесе шалбар және блузка.
Қалың киімге ұсынылатын түстер (жакеттер, шалбарлар, юбкалар): көк түстің түрлі реңктері, қою сұр, қоңыр, кара, көк-жасыл, зәйтүн, қоңыр-сарғыш, ашық сұр.
Жейделер, блузкалар мен трикотаждар үшін бәсең және пастелді түстер ұсынылады:


киімдер және т.б.).

Ерлер үшін:


➤ футболкалар мен поло жейделерін кию;
➤ суық мезгілде ашық түсті костюмдер кию;
➤ кара және барлық қанық түстердегі жейделерді кию: қызыл, сары, жасыл, күлгін және т.б.
➤ еліктіруші суреттері бар галстуктар.

Әйелдер үшін:

➤ мини және макси-юбкалар;
➤ капри шалбар;
➤ кең ойылған киімдер;
➤ бірден екі немесе одан да көп ашық түстерді (қызыл, жасыл, қызғылт сары және т.б.) пайдалану ұсынылмайды.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 08.01.2025	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ қызметкерлерінің сыртқы келбеті (дресс-код) стандарты туралы	Қ БҚМУ 04-16	7 беттін 4 беті

		бәсең қызғылт, көк, қоңыр-сарғыш, ақшыл-көк, ашық-күлгін, қуаң-сары, ақсары, күлгін, сұр-жасыл, қызыл-қошқыл, құмтүсті, маржан түстес, «піл сүйегі» түсі. Қосымша элементтерді қалыпты қолдануға рұқсат етіледі: костюммен үйлесетін, оны жаңартып тұратын мойын орамалдары, шарфтар, галстуктар.	
3.2.	МО және клиникалар дәрігерінің киімі	МО стандарттарымен белгіленген үлгі	Стандарттарда көзделмеген үлгілік киім элементтері.
3.3.	МО және клиникалар мейіргерінің киімі	МО стандарттарымен белгіленген үлгі	Стандарттарда көзделмеген үлгілік киім элементтері.
3.4.	МО және клиникалар санитарының киімі	МО стандарттарымен белгіленген үлгі	Стандарттарда көзделмеген үлгілік киім элементтері.
4.	Аяқ киім	Таза: сыртқы шаң мен кірден тазартылған. Ерлердің аяқ киімінде бас пен өкше толық жабылуы тиіс. Әйелдердің жазғы аяқ киімінде бас немесе өкше ашық болуы мүмкін. Тек ғимарат ішінде қолданылатын екінші аяқ киімнің болуы ұсынылады.	Спорттық аяқ киім. Жағажай аяқ киімі (шәркей және тәпішке). «Кантри» стиліндегі аяқ киім (казактар). Қалың платформадағы ауыр аяқ киімдер («білек етік» бәтәңкелер, унттар және т.б.). Қысқы кезеңде ауыстырылатын аяқ киімнің болмауы.
4.1.	Қызметкерлердің аяқ киімі	<u>Ерлер үшін:</u> ➤ Жіңішке табанды классикалық туфли, көзге түсетін элементтерсіз, қалыпты түстерде. ➤ шұлықтар аяқ киімнің түсінде болуы керек. <u>Әйелдер үшін:</u> ➤ артық әшекейлерсіз классикалық орта өкшелі туфли. ➤ Туфли өкшесінің биіктігі жұмысқа ыңғайлы болуы тиіс және 8-10 см-ден аспауы керек.	
4.2.	МО дәрігерінің аяқ киімі	Санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес.	
4.3.	МО мейіргерлерінің аяқ киімі	Санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес.	
4.4.	МО санитарының аяқ киімі	Санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес.	

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 08.01.2025	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ қызметкерлерінің сыртқы келбеті (дресс-код) стандарты туралы	Қ БҚМУ 04-16	7 беттің 5 беті

5.	Шаш үлгісі	<p><u>Ерлер үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ ұқыпты шаш үлгісі; ➤ Мұрт өсіруге рұқсат етіледі, ➤ бірақ ол ұқыпты алынған болуы тиіс. <p><u>Әйелдер үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ шаш ұқыпты қалыңған және таралған, ұзындығына қарамастан сәнделген болуы тиіс; ➤ Иықтан төмен ұзын шаштар түйреуіш құралдармен жинақталған болуы тиіс. 	<p><u>Ерлер үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ ұзын шаш; ➤ ашық түсті боялған шаш; ➤ «ұйпаланған» қысқа шаш үлгісі; ➤ «жуылмаған» шаш үлгісі. <p><u>Әйелдер үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ ашық түстермен боялған шаш; ➤ «ұйпаланған» қысқа шаш үлгілері;
6.	Маникюр	<p>Қолдар мен тырнақтар таза және күтілген болуы тиіс.</p> <p><u>Әйелдер үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ қызметкерлер: тырнақтар орташа ұзындықта болып, ашық емес түстермен боялуы тиіс. ➤ мед.персоналдар: тырнақтар қысқа қиылған және лакталмаған болуы тиіс. ➤ лактың болмауына рұқсат етіледі. 	<p>Жұмысты қиындататын ұзын тырнақтар, жарылған лак. Жарқын экстравагантты түстерде маникюр (көк, жасыл, қара, күлгін және т.б.), жарқын түстердегі дизайнмен маникюр (суреттер, жылтырақтар, клипстер, пирсинг).</p>
7.	Университет қызметкерлеріне арналған зергерлік бұйымдар	<p>Зергерлік бұйымдар артық әшекейлерсіз болуы тиіс.</p>	
8.	Макияж, парфюм	<p>Көзге ұрмайтын макияж бен тітіркендірмейтін парфюмге рұқсат етіледі.</p>	<p>Макияждағы жарқын түстер, пирсинг</p>

3. ДРЕСС-КОДТЫҢ САҚТАЛУЫНА ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

- 3.1. Әрбір қызметкер Университетте осы Қағиданы сақтау үшін жеке жауапкершілік көтереді.
- 3.2. Құрылымдық бөлімдерде осы Қағиданың сақталуын бақылау жетекшіге жүктеледі. Бұл жетекшінің қызметкерге осы қағида туралы сыпайы түрде ескерту жасауға құқығы бар екенін білдіреді. Кейбір жағдайларда, кеңсеге қолайсыз киіммен келген қызметкерден үйіне қайтарып, киімін ауыстыруы туралы сұрауы мүмкін.

